**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының**

**2024-2025 оқу жылының жылдық**

**ЕСЕБІ**

Тараз 2025 ж

## ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ:

Мүмкіндігі шектелген студенттерді сүйемелдей отырып, көмекші бағдарламамен қамтамасыз ету. Арнайы әдебиеттермен қамсыздандырып, ғимаратқа кіруге, оқу материалдарына, дәрістерге, тесттер мен емтихандарға студенттер үшін барынша оңтайлы түсінікті тұрпатта қолжетімділік орнату және ЖОО-дағы білім беру үдерісіне интеграциялау арқылы білім беруге қолжетімділік деңгейін жоғарылату бағытында мүмкіндік туғызу.

Қазіргі таңда университетте «Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық қолдауы» ережесі қолданысқа еніп, мүмкіндіктері шектеулі студенттерді жалпы білім беретін ортада бірігу нысандары анықталып, ЖОО-да мүмкіншіліктері шектеулі студенттерді қолдау орталығы туралы ережесі әзірленді. Инклюзивті білім беру бойынша кітаптарға тапсырыс берілді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

Президенттің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жыл ғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ қабылданған.

Университет 2016 жылдан бастап инклюзивті білім беруді жүзеге асырып келеді. 2018 жылы қаңтар айында университет ректорының бұйрығымен «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы ашылды. Университетте 2016-2017 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі 20 студент және 2 магистрант білім алса, 2017-2018 оқу жылы 34 студент, 2018-2019 оқу жылында 43 студент, 2019-2020 оқу жылында 61 студент, 2020-2021 оқу жылында 70 студент, 2020-2021 оқу жылында 87 студент, 2021-2022 оқу жылында 70 студент, 2022-2023 оқу жылында 101 студент, 2 магистрант, 2023-2024 оқу жылында 128 студент, 1 магистрант білім алуда, 2024-2025 оқу жылында 148 студент, 2 магистрант, 2 колледж білімгері білім алуда.

## ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫ

| № р/с | Жетекшінің аты-жөні | Қызметі | Мекеме аталуы | Орналасқан жері | Бұйрық №, күні, келісім-шарт нөмірі, жарамдылық мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Үсенова Сандугаш Мейрамбекқызы | Аға үйлестіруші | Инклюзивті білім берудегі психологилық | М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік | Бұйрық № 444 21.11.201 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Рахымбай Ержан Жанғалиұлы | Үйлестіруші | бейімделу орталығы | университеті Төле би 60. 2.6. оқу ғимараты | 7ж. |

**Пайдаланатын оқу ақысына жеңілдіктер атауы 2022-2023 оқу жылындағы мүмкіншілігі шектеулі студенттерінің саны Жеңілдік пайызы**

| Пайдаланатын оқу ақысына жеңілдіктер атауы | 2024 жылындағы мүгедектігі бар студенттерінің саны | Жеңілдік пайызы |
|---|---|---|
| Мемлекеттік грант | 68 | 100 % |
| "Қазақстан Халқына" Қоғамдық Қорының Білім беру грант «Тайбурул» | 12 | 100 % |
| «Қазақ халқына қамқор қоры» Қорының Білім беру грант | 41 | 100 % |
| Университеттің оқу ақысына жеңілдігі | 10 | 100 % |
| Университеттің оқу ақысына жеңілдігі | 5 | 60 % |
| Университеттің оқу ақысына жеңілдігі | 5 | 50 % |
| Университеттің оқу ақысына жеңілдігі | 32 | 30 % |
| Университеттің жатақхана жеңілдігі | 11 | 100 % |

**2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығында «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының бастамасымен мүмкіндігі шектеулі студенттердің қатысуымен әр түрлі деңгейдегі іс-шара өткізді.**

**Ақпарат кестеде келтірілген.**

| № | Іс-шара атауы | Мақсаты | Өткізілген орны мен уақыты (әлеуметтік желі парақшалары) | Қатысушылар құрамы мен саны | Іс-шарада түсірілген сурет | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ата-аналармен кездесу» | ЖОО-на оқу процесінде кездесетін жағдаяттар туралы түсіндірме жүргізу. Студенттердің ары қарай білімге деген құштарл | 2024 жылдың қыркүйек күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Технологиялық факультетінің мәжіліс залы. | 1. Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер бойынша проректор Еркінбаева Ляззат Калымбековна<br>2. Басқарма мүшесі-Инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректордың м.а. Есмаханов Бауыржан |    | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ығын ояту. | | Мейрамбекович<br>3.Факультет декандары және университет қызметкерлері. |  | Е.Ж. |
| 2 | «Тифломузей» жобасы | Бұл жобаның мақсаты: Көру қабілеті бұзылған азаматтар және студенттерімізді білім беру ордасында өз мүмкіндіктерін барынша пайдалану мен қатар өздері әр түрлі ақпарат көздерімен танысып білуі. | 2024 жылдың 09 қазан күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Орталық музейі | 1. Басқарма мүшесі-әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек Аслан Еділханұлы<br>2. Орталық музейінің меңгерушісі Калабаева Аксауле Тортаевна<br>3. Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз азаматтарға арналған кітапхана қызметкерлері<br>4.«Болашақ» мектеп интернатының директоры | <br><br><br><br> | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова С.М. Орталықтың үйлестірушісі маманы Рахымбай Е.Ж. |
| 3 | «JARYQ» атты интеллектуалдық ойыны | ЖОО-дағы белсенді жастармен бірігіп студентт | 2024 жылдың 08 қараша күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Филология және | 1. Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев | | Орталықтың аға үйлестірушісі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ердің интелектуалды ой жүйріктігін дамыту. | гуманитарлық ғылымдар факультетінің ғимаратындағы Акт залы. | Арнат Бегдалиевич<br>2. Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Дәурен Дастанұлы<br>3. Жастармен жұмыс бөлімінің бас маманы Нурмайлов Айдос Елужылұлы<br>4. Жастармен жұмыс бөлімінің белсенді жастар ұйымдары |    | Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Е.Ж. |
| 4 | «Өмір құндылығын арттыру: дағдарысты жағдайларды шешу» - ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалалрға психологиялық қолдау көрсету» атты семинар-тренинг | Студенттердің оқу процесінде психологиялық қолдау көрсету және мектеп оқушыларында кездесетін әр түрлі дағдарыстан шығу жолдарын психологиялық тұрғыдан көмек беру. | 2024 жылдың 20 қараша күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығы | 1. Орталықтың бас маманы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы<br>2. Әлеуметтік психология кафедрасының аға оқытушысы «Жас психолог» ғылыми үйірмесінің жетекшісі Абдрахманова Айгул Тұрсынбайқызы<br>3. Шона Смаханұлы атындағы |    | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Ержан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | №44 орта мектебінің оқушылары |  | Жаңғалиұлы |
| 5 | « Мен даму және үйлесімді өмірді таңдаймын» атты семинар-тренинг | Семинар-тренингтің мақсаты: Белсенді жастарымыз қоғамда өзін-өзі қалай ұстап білу керек екенін үйрену. Қоғамдық ортада бір-біріне деген қарым-қатынасты нығайту. | 2024 жылдың 6-8 желтоқсан аралығын «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығы мен «Мүгедек жастар қоғамы» | 1. Орталықтың бас маманы, психология магистрі аға оқытушы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы<br>2. Мүгедек жастар қоғамының басшысы Даулетбаева Әйгерім Маратбековна |     | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы Орталықтың үйлестірушi маманы Рахымбай Ержан Жаңғалиұлы |
| 6 | Емтихан өту процесі кезінде мүгедек студенттерге психологиялық тренинг | Тренингтің мақсаты: Мүгедек студенттердің емтихан кезеңінде эмоциялық көңіл-күйге дайын болуын ескеру. Психологиялық | 2024 жылдың 17 - 26 желтоқсан аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығы | 1. Орталықтың бас маманы, психология магистрі аға оқытушы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы |   | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы Орталықтың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрғыдан тренингтер арқылы көмек көрсету. | | | <br> | үйлестіруші маманы Рахымбай Ержан Жаңғалиұлы |
| 7 | «Көктемгі көңіл-күй-жаңға қуат береді» тақырыбында студенттерге психологиялық тренинг | Тренингтің мақсаты: Жастардың бір-бірімен ашық пікір алмасып, психологиялық тұрғыдан дамуына ықпал ету. Білімгерлердің эмоционалдық интеллектін дамыту арқылы өз-өзіне деген сенімділігін нығайтып, әлеуметтік бейімделуін қалыптас | 2025 жылдың 17 наурыз күні. аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің №1 студенттік жатақханасы. | 1.Басқарма мүшесі-әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек Аслан Еділханұлы<br>2. Орталықтың бас маманы, психология магистрі аға оқытушы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы<br>3.Орталықтың маманы Рахымбай Ержан жаңғалиұлы | <br><br><br><br> | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Ержан Жаңғалиұлы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тыру. | | | | |
| 8 | «Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеу: қазіргі жағдайы мен проблемалары» тақырыбында облыстық конференция | Конференцияның мақсаты: Ерекше қажеттілігі бар балаларды қосымша білім берумен қамту,балаға отбасының психологиялық жағдайының әсері,отбасына психологиялық қолдау көрсету, ерте диагностика және оңалту мәселелері талқыланды. | 2025 жылдың 04 сәуір күні. аралығында М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті Жамбыл облыстық білім басқармасының №67 орта мектебі. | 1. Орталықтың бас маманы, психология магистрі аға оқытушы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы 2.Орталықтың маманы Рахымбай Ержан жаңғалиұлы 3. «Әлеуметтік психология» кафедрасының меңгерушісі Жамирова Улмекен Шакирбаевна |     | Орталықтың аға үйлестірушісі Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы Орталықтың үйлестірушi маманы Рахымбай Ержан Жаңғалиұлы |

Тренингтер арқылы оқытушы мен мүгедектігі бар студенттердің оқу үрдісінде шынайы қарым-қатынасын дамыту жолдары қарастырылды. Курсты тәмамдаған тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табыс етіледі.

«Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы университет оқытушыларына, колледж, мектеп мұғалімдеріне Инклюзивті білім беру бағыты бойынша курсын өткізуде.

Төмендегі кестеде мәліметтер келтірілген.

| № | Тақырыбы | Мекеме атауы | Қатысушы саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Преподаватели университета прошли курс на тему: - «Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар» | М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушылары мен мамандары | 180 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Преподаватели колледжа прошли курс на тему: - Инклюзивті оқыту шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары | Колледж оқытушылары | 60 |
| 3 | Учителя школы прошли курс на тему: - «Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» | Мектеп мұғалімдері | 364 |
| 4 | «Кәсіби инклюзивті білім беру және оқыту: теориясы мен тәжірибесі» курсы | Мекеме | 48 |
| | Барлығы: | | 652 |

Университетімізде қысқы және көктемгі сессияларда мүгедектігі барстуденттерге емтихандарды инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу орталығында тапсыруға барлық жағдай жасалынған.

Орталық мүгедектігі бар студенттерді инклюзивті оқытумен қатар, студенттердің әлеуметтік-мәдени оңалтуына қолдау көрсетуде. Студенттердің көпшілігі университеттің қоғамдық жұмысына белсене араласып келеді. Солардың ішіндегі Спорттың еркін күрес түрімен шұғылданады. Еркін күрестен есту қабілеті зақымданған ересектер арасында көптеген халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған. Бірнеше дүркін әлем чемпиондары. Спорттың қол күрес (армрестлинг) түрімен шұғылданады. Көптеген халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған. Бірнеше дүркін Азия чемпиондары. Арбадағы спорттық биден чемпион, Пара пауэрлифтингтен Жүзуден тірек-қимыл аппараты зақымданған және көру қаблеті төмен спортшылар чемпиондар. Көптеген халықаралық ғылым және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған.

Студенттер жарыс алдында және оқу барысында психологиялық кеңеске мұқтаж. Сондықтан әр жарыс алдында студенттермен кездесіп, оларды жігерлендіру жұмыстары жүргізіледі. Орталықтың үйлестірушісі студенттер мен ата-аналарға жыл бойында психологиялық кеңес жүргізуде.

Университетімізде мүгедектігі баржандарды қолдау мақсатында жүргізіліп отырған игі шаралар түрлі ғылыми орталарда жасаған баяндамаларда айтылады.

Қазіргі уақытта білім алып жатқан 173 мүгедектігі бар студенттер білім алуда. Оның ішінде 1, 2, 3 топ бойынша университет ғимараттарының айналасында олардың қозғалысын шектейтін тірек-қимыл аппаратының аурулары бар.

Осы себепті, бұл студенттер оқитын оқу топтары үшін сабақ кестелері бірінші қабатқа орналастырылды. Мұндай кесте білім алуда мүгедектігі бар студенттердің болашақ кәсіби қызметінде қажетті коммуникативті, кәсіби және басқарушылық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытушылардың қажетті әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін студенттер «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығында қосымша білім алып, сабақтан тыс уақытта жеке кеңес ала алады.

Осы бағыттар бойынша білім алушыларға ыңғайлы болу үшін бірінші қабатта кітапхана, асхана, медициналық пункт, дәретханалар жабдықталған.

Төмендегі кестеде сандық мәліметтер келтірілген.

| № р/с | Факультет атауы | Оку ғимаратының мекен-жайы | Аудитория | Кітапхана | Асхана | Дәретхана | Медициналык пункт | Жатакхана |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жаратылыстану ғылымдар» факультеті | Жамбыл даңғылы 16 А | 5.3-110. | 5.3.101 | 5.3.107 | 5.3.114/а | 5.3.114 | № 2, 113 бөлме |
| 2 | «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті | Жамбыл даңғылы 16 А | 5.1-107., 5.1-106 | 5.3.101 | 5.1.108 | 5.1.108/а | 5.1.105 | |
| 3 | «Дене шыныктыру және алғашкы әскери дайындық» факультеті | Жамбыл даңғылы 16 А | 5.4-108., 5.4-105/а | 5.3.101 | 5.4-108/а | 5.4.108/в | 5.4.108/б | |
| 4 | «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті | Төле би 60 | 2.6-112., | 2.6-103 | 2.6-116 | 2.6.100/а | 2.6-100 | №1, 102-104 бөлме |
| | | | **2.6.100А,** Инклюзивті білім берудегі психологиялык бейімдеу орталығы Центр психологической адаптации в инклюзивном образовании<br><br>**2.6-100/Б,** Психологиялык-педагогикалык түзеу кабинеті Кабинет психолого-педагогической коррекции | 2.6-103 | 2.6-116 | 2.6.100/а | 2.6-100 | |
| | | Төле би 68 | 4.1.104 | 4.1.104/б | 4.1.104/а | 4.1.104/в | 4.2.110 | |
| 5 | Технологиялық факультеті | Төле би 60 | 2.1.-Демеу орталық | 2.6-103 | 2.6-116 | 2.1./а-Демеу орталык | 2.6-100 | |
| | | | 2.2.101 | 2.6-103 | 2.6-116 | 2.2.101/а | 2.6-100 | |
| | | | 2.6-112., 2.6-105 | 2.6-103 | 2.6-116 | 2.6.100/а | 2.6-100 | |
| 6 | «Экономика және кұқық» факультеті | Ы.Сүлейменов 13 | 1.3.101 | 1.3.107 | 1.3.110 | 1.3.111/а | 1.3.111 | |

Осылайша, мүгедектігі бар студенттер толыққанды білім алу үшін оңтайлы жағдайлар жасалды, кітапхана қорларына, қуат көздеріне, медициналық көмек көрсету орындарына қол жетімділік қамтамасыз етілді. «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығында студенттерге психологиялық, оқу-әдістемелік көмек көрсетіледі.

"Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу" орталығының бас маманы
/дәрежесі/

Усенова С.М.
/аты-жөні,/